

**ТУРАР РЫСКҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ ҒЫЛИМ БӨЛІМІ
«№5 ШАҒЫН ОРТАЛЫҚТЫ ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



ВЕКІТЕМІН:
 1-ші директоры
 Р.Ә.Омаров
 01.08.2022жыл

**№5 ШАҒЫН ОРТАЛЫҚТЫ ОРТА МЕКТЕБІ БОЙЫНША 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДА ТӘРБИЕНІҢ
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ

Түсінік хат

Қазақстандық білім беруді жаңғырту тәрбиені білім берудегі маңызды басымдық ретінде оқыту мен дамыту процесіне кіріктірілген педагогикалық іс-әрекеттің құрамдасы болуын көздейді. Оқытудың өмірмен байланысының күшейтілуі оқыту әдістерінің тәрбиелік ықпалын күшейту туралы, тәрбие және білім беру жұмыстарының бірлігі жайындағы мәселені алдыңғы орынға шығаруда. Тұлғаны қалыптастыру — өзін-өзі ұйымдастыру, отбасы және қоғамдық тәрбиелеу мен агартудың ұзақ, табанды және мақсатты процесінің нәтижесі. Мектеп осы бағытта үздіксіз білім беру жүйесіндегі жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы, оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, баланың тәрбиеленуі, білім алуы мен жан-жақты қалыптасуы, ана тілі мен салт-дәстүрлерін сақтауы, денсаулығын нығайту сияқты Қазақстандық патриотизмге, төзімділікке, жоғары мәдениеттілікке және құқық пен еркіндікті құрмет тұтуға тәрбиелеу – «ұлттық рухани байлық» көзі ретінде қарастырылып, осы тұрғыда оқушылардың сана-сезімін қалыптастыра отырып тәрбиелеу міндеттелген.

Мектептің «Ұлағат» тәрбие орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Пазарбаев Зияткерлік Мектебінің «Шаңырақ» қауымдастығы, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде негіз болады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16-қыркүйектегі № 472 Бұйрығына, 2021-2022 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін мектептерде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынған.

Мектептің тәрбие жұмысының тақырыбы:

Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жап-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

Мақсаты:

Бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара білетін, қарым-қатынас, ақпараттық, интеллектуалдық жұмыс істей білу мәдениеті дамыған, зерттей білетін, іс-әрекет жасай білетін дағдысы қалыптасқан және жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жап-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
9. Жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту, моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты (компьютерлік, цифрлық, математикалық, жаратылыстану, оқу сауаттылығын) дамыту үшін жағдай жасауда өзбетінше шешім қабылдау проблемалары арқылы интеллектіні байыту;
10. Білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізу;

Күтілетін нәтижелер:

1. Балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне толеранттылық, келісім және ұлтаралық мәдениет пен қарым-қатынасты тәрбиелеу;
 2. Білім беру мен тәрбие процестерін жүзеге асыруда ата-аналардың, оқушылардың, сынып жетекшілерінің, тәлімгерлердің, әлеуметтік педагогтардың және психолог-педагогтардың бестік одақ жұмысын қарастыратын тәрбие жүйесінің жаңа моделін дамыту.
 3. Қоғамға, қоршаған ортаға, табиғатқа позитивті көзқарас қалыптастыруға ықпал ететін әлеуметтік педагогикалық жағдай жасау;
 4. Кәсіби бағдар мен тұлғаның өзін-өзі іске асыруына және өз білімін үздіксіз жетілдіру қажеттілігіне жағдай жасау.
- 21 ғасырдың дағдыларын қалыптастыру үшін жағдай жасау: балалар мен жастардың ақыл-ой, эмоциялық, әлеуметтік дамуы, көшбасшылық қасиеттерін ашу және әрбір тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы; тұлғаның экономикалық ойлау қабілетін қалыптастыру, еңбектің жаңа әдістері мен тәсілдерін меңгеру, экологиялық мәдениетті тәрбиелеу, табиғатпен қарым-қатынас үйлесімін қалыптастыру;

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбие
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
7. Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Басқа пәндермен бірігіп жобалар:

- «Мектептің өзін-өзі басқаруы»;
- «Дебат» қозғалысы;
- «Оқуға құштар мектеп»;
- «Отбасы – орта мектеп»;
- «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- «Еңбек – елдің мұраты»;
- «Ерте жастан – экологиялық мәдениет»
- «Қоғамға қызмет»;
- «Театр сабақтары» жобасы.
- «Балалар және театр»
- «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру»

№5 шағын ортадағы біріккен мектеп бойынша тәрбие жұмысының басқаруы бойынша жоспарлар жасауы
2022-2023 оқу жылы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
I. Тәрбиені нормативтік- құқықтық қамтамасыз ету				
1	Тәрбие жұмысына қатысты нұсқаулықтармен, бұйрықтармен, түрлі нормативтік құжаттармен таныстырып отыру	Таныстыру, талдау	ДТІЖО	Оқу жылы барысында
2	Жылдық жоспарды дайындау және бекітуге ұсыну	Жоспар бекіту	Сынып жетекшілер, бірлестік жетекшісі	Тамыз
II. Ғылым-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету				
3	Сынып жетекшілердің біліктілігін арттыру курстарына қатысуын ұйымдастыру	Курсқа қатысуды қамтамасыз ету	Мектеп әкімшілігі	Жыл бойына
4	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, педагог-психологқа, әлеуметтік педагог және сынып жетекшілеріне арналған әдістемелік семинарларға қатысуын қамтамасыз ету	Әдістемелік семинар	ДТІЖО, бірлестік жетекшісі	Мерзімінде
5	Мектеп педагогтары арасында қоғамдық міндеттерді бөлу, сынып жетекшілерді бекіту.	Сынып жетекшілерді тағайындау	Мектеп әкімшілігі	Тамыз-қыркүйек
6	Құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстары, ерекше көңіл бөлуді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық көмек.	Психологиялық-педагогикалық көмек	ДҚТІЖО Мектеп психологі	Қыркүйек
7	Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі туралы Ережемен таныстыру	Ережені басшылыққа алу	ДТІЖО ӘБ жетекшісі	қыркүйек
8	Оқушылардың «Өзін-өзі басқаруы» туралы Ереже ерекшеліктерімен сынып жетекшілерді, фракция жетекшілерін таныстыру	Ережені басшылыққа алу	ДТІЖО Тәлімгер	Қыркүйек
9	Сынып жетекшілердің, бірлестіктің жылдық жоспарын бекіту, сынып жетекшілердің сапалық құрамын жаңарту	Жылдық жоспар бекіту	Бірлестік жетекшісі	Тамыз

III. Күн жазу тәсілдері тәрбиесін басым бағыттары бойынша іс-шаралар

І. Ұлтыты Қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

1	1-қыркүйек Білім күніне арналған салтанатты жиын, « Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық » тақырыбында бірыңғай сабақтар. 1-11 сынып	Материалдар, фотоесеп	Сынып жетекшілер	қыркүйек
2	« Мектептегі мінез-құлық ережелері » мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру. сынып сағаты 1-11 сынып	Материалдар, фотоесеп	ДҚТЖО, сынып жетекшілер	қыркүйек
3	« Туған тілім-тірлігімнің айғағы » Тілдер апталығы. 5-11 сынып	Апталық материалдары	Қоғамдық гуманитарлық пән бірлестігі	қыркүйек
	« Абай, лаңыз, балалар » Республикалық акциясында қауіпсіздік ережелерін насихаттау (сынып сағаты, суреттер, бейнероликтер желіге орналастыру) 1-11 сынып	Материалдар, фотоесеп	ДҚТЖО, ДТЖО, сынып жетекшілер	қыркүйек
4	« Қылмыссыз балалы шақ » айлығы	Материалдар, фотоесеп	ДҚТЖО, сынып жетекшілер	қазан
5	« Тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз Қазақстан » акциясы	Материалдар, фотоесеп	ДҚТЖО, сынып жетекшілер	қазан
6	«Егеменді еліміздің көк туы желбіреген». Елі Тәуелсіздігіне арналған іс-шаралар топтамасы. 1-11 сынып « Біз Жас Ұлан – Елбасының тірегі, еліміздің жүрегі » Жас Ұлан ұйымына салтанатты қабылдау.	Анықтама фотоесеп	ДТЖО, сынып жетекшілер, тәлімгер	желтоқсан
7	« Менің туған жерімнің тарихы » викторина. 6-7 сынып	Анықтама	Тарих пәні мұғалімдері	қаңтар
8	« Ер есімі-ел есінде » Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу. 10-11 сынып	Материалдар хаттама	Қымызбаев Ж	ақпан
9	« Даңқын биік болсын, жеңімпаз! » Ұлы Жеңіс күніне арналған апталық. 2-10 сыныптар	Материалдар, фотоесеп	Сынып жетекшілер	Сәуір-мамыр

2. Бағыты: Рухани-адамгершілік тәрбие.

Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен қозғарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін «Рухани жағырудың» құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру: «Өзін-өзі тану» негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.

1	«Үстазыңды ұлықта!» ұстаздар мерекесіне арналған іс-шаралар топтамасы. «Мектеп – білім айдышындағы қарулы кеме» оқушылардың өзін – өзі басқаруы	Материалдар, фотосуреттер, желіге жариялау	ДТЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер, музыка пәнінің мұғалімі	қазан
2	«Қыз Жібек» қыздар клубының жұмысын ұйымдастыру.	Анықтама	Клуб жетекшісі	қыркүйек
3	«Қарты бар ел-қазыналы ел» қарттар күніне орай «Адамға қуаныш сыйла» акциясы, «Мектепке жол» акциясы аясындағы іс-шаралар топтамасы қайырымдылық іс-шарасы (концерт, жәрмеңке)	Анықтама желіге жариялау	ДТЖО, әлеуметтік педагог мектеп тәлімгері	қыркүйек, қазан қаңтар
4	«Үздік оқырман» байқауы. 1-4, 5-10 сынып	Анықтама	Кітапханашы, сынып жетекшілер	қаңтар, сәуір
5	«Жұлдызды сәт» салт-дәстүрдің ең үздік білгірі. Сайыс. 8-9 сынып	Материалдар анықтама	Сынып жетекшілер	қаңтар
6	«Ризашылық-мейірімділік бұлағы» 1 наурыз-Алғыс айту күніне орай тәрбие сағаты. 1-11 сынып	Материалдар, фотосуреттер, желіге жариялау	Сынып жетекшілер	наурыз
7	Жамбыл облысының мұражайлары	Фотосуреттер, желіге жариялау	Сынып жетекшілер Тарих пәні мұғалімдері	Сәуір-мамыр

3. Бағыты: Ұлттық тәрбие.

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

1	«Дәстүрлі әндер» Р.Бағланованың 100 жылдығына орай чөлденжі. 2-7 сыныптар	Ұйымдастыру. Желіге жариялау	Сынып жетекшілер	қазан
2	«Ахмет сөз көсемі» А.Байтұрсыновтың 110 жылдығына орай тәрбие сағаты. 5-11 сынып	Материалдар, фотосуреттер, желіге жариялау	Сынып жетекшілер	қазан
3	«Жеті ата-тәрбие көзі» танымдық сайыс. 5-6 сынып	Материал, анықтама	Сынып жетекшілер	желтоқсан

4	«Ғасырдың дара перзенті»тәрбие сағаты.5-10 сынып	Материалдар, фотосессия,желіге жариялау	Сынып жетекшілер	қаңтар
5	«Бауырсақ-пәтін»мектеп оқушылары мен ұстаздар арасында бауырсақтар көрмесін ұйымдастыру	Ұйымдастыру, Желіге жариялау	Тәлімгер,сынып жетекшілер	наурыз
6	«Қазағымның дәстүрлері-ай» салт-дәстүр қойылымдары	Материал, анықтама	ДТЖО,тәлімгер,сын ып жетекшілері	наурыз
7	«Қош келдің,әз Наурыз!»	Апталық	ДТЖО	наурыз
8	«Тату үйдің тамағы тәтті»видеороликтер байқауы	Ұйымдастыру, Желіге жариялау	Сынып жетекшілер	сәуір

4. Бағыты:Отбасылық тәрбие.

Мақсаты неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

1	«Отбасы – бақыт мекені» апталығын ұйымдастырып өткізу (отбасы туралы бейнероликтер,қашықтықтан ән айту,мәнерлеп өлең оқу)	Материал,желіге жариялау	ДТЖО,психолог,эле уметтік педагог,4-11 сынып жетекшілері	қыркүйек
2	«Тәрбие отбасынан басталады»жалпы ата-аналар жиналысы	Хаттамалар, желіге жариялау	Мектеп әкімшілігі, Сынып жетекшілер	қыркүйек,қараша,ақпан,мамыр
3	«Бір отбасы-бір кітап»сурет,бейне түсірілім байқау. 1-11 сынып	Материал, анықтама ,желіге жариялау	Кітапханашы,сынып жетекшілер	қараша
4	«Бала тәрбиесіндегі ұлттық дәстүрлер мен ғұрыптар» ата-аналармен тренинг	Материал, анықтама ,желіге жариялау	психолог	ақпан
5	«Отбасылық таланттар» отбасылық шығармашылық фестивалі	Материал, анықтама ,желіге жариялау	ДТЖО,тәлімгер,сын ып жетекшілер	сәуір
6	«Дін сауаттылығы-заман талабы» Теолог мамандардың қатысуымен ата-аналарға дәріс ұйымдастыру	Материал, хаттама,желіге жариялау	Тарих пәнінің мұғалімі Бекібаев Б	жылына 2 рет

	«Төлағай»отбасылық спорттық жарыс.1-4 сынып	Материал, анықтама,желіге жариялау	Тәлімгер,дене шынықтыру пәні мұғалімдері	сәуір
7	«Отбасылық эстафеталық ойындар»отбасылық спорттық жарыс.5-6 сынып	Материал, анықтама,желіге жариялау	Тәлімгер,дене шынықтыру пәні мұғалімдері	сәуір
5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және , экологиялық тәрбие Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.				
1	Еріктілер қозғалысы шеңберінде «Таза мектеп,таза ауыл» «Көшеміз бен ауламызды көркейтейік» айдарымен гүл түптері мен тал көшеттерін отырғызу акциясы,сенбіліктер ұйымдастыру, түлектер тартуын ұйымдастыру	Желіге жариялау	Тәлімгер	Қыркүйек, наурыз
2	«Табиғат тамашалары- ең керемет кадр» ерекше түсірілген фотолардан көрме ұйымдастыру.7-11 сынып	Материал,желіге жариялау, марапаттау	Сынып жетекшілер,тәлімгер	қараша
3	«Табиғат тамашалары» суреттер байқауы.1-бсыныптар	Көрме	Тәлімгер,сынып жетекшілер	қаңтар
4	«Адал еңбек бейнесі» суреттер байқауы.7-11 сыныптар	Көрме	Мырзакулова Г. Дочкина З	ақпан
5	«Осындай мамандық бар» презентациялар байқауы.8-11 сынып	Бейнероликтер, желіге жариялау	Сынып жетекшілері	наурыз
6	«Сыбайлас жемқорлықпен күресудің тиімді жолы » Дебат	Материал,желіге жариялау,анықтама	Берденов Г.	сәуір
7	«Біз табиғатты қорғаймыз!» экологиялық сағаты 5-11 сынып	Материал,анықтама	Биология пәні мұғалімдері	Токсанына 1 рет (қараша,ақпан наурыз мамыр)
6.Бағыты: Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, қонбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.				
1	«Буккроссинг-бірге оқимыз: кітаптың айналыста жүруі» акциясы. 2-11 сыныптар	Анықтама, материал, фотоесен	Кітапханашы 2-11 сыныптар	қараша, наурыз

2	«Әлеуметтік желі дерт пе,әлде қажет пе?» тренинг. 8-10 сынып	Материал, анықтама	Мырзакулова Г Сейдыбаева Ж	қараша
3	«Поэзия әлемі» мектепте,үзілісте өлеңдер оқу акциясы	Материал, фотоесеп,анықтама	Кітапханашы	қаңтар
4	«Ең үздік -Ұлан» байқауы	Фотосесеп,желіге жариялау	Тәлімгер	ақпан
5	«ІТ-келешегі кемел сана»дөңгелек үстел.10-11 сынып	Материал, анықтама	Мырзакулова Г Омарбекова А	наурыз
6	«Ең үздік кітап оқитын сынып» мектепіншілік байқау	Материал, фотоесеп,анықтама	Кітапханашы	сәуір

7. Бағыты: Қоғамдық мәдениеттік және көркем – эстетикалық тәрбие.

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру

1	«30 үздік қолөнер бұйымы» ҚР мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына орай	Көрме	Тәлімгер Досходжаева А.Т	қазан
2	Рухани келісім күніне орай «Татулық әлемді құтқарады!» 2-4 сынып «Дін келісім-бірлік пен тұрақтылық келілі» 10-11 сынып	Суреттер көрмесі	Сынып жетекшілер	қазан
3	«Әлем бесігін тербететін жан-Ана» мерекелік іс-шара	Дөңгелек үстел мерекелік іс-шара	Бекібаев Б ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	наурыз
4	Жаңа жылдық шырша	мерекелік іс-шара	ДТЖО тәлімгер	желтоқсан
5	«Ертегілер әлемі» қазақ ертегілерінен сахналық қойылым ұйымдастыру. 1-4,5-6 сынып	Материал, анықтама, фотоесеп	Кітапханашы Сынып жетекшілер	ақпан

6	Мәдениет қызметкерлерімен кездесу	Фотоесеп, анықтама, желіге жариялау	ДТГЖО Тәлімгер Кітапханашы	наурыз
7	23-сәуір Дүниежүзілік кітап күні. «Кітап іші – сырлы әлем» кітап фестивалі	Фотоесеп, анықтама, желіге жариялау	Кітапханашы	сәуір
8	«Ынтымағы жарасқан, туган өлкем-Қазақстан» 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні	Фотоесеп, анықтама, желіге жариялау	ДТГЖО Сынып жетекшілер	сәуір

8. Бағыты: Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

1	Денсаулық күніне орай денсаулық фестивалі (спорттық ойындар, эстафета)	Фотоесеп, анықтама, желіге жариялау	Бабасов Е Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	20 қыркүйек 7-сәуір
2	«Шахмат-day» ҚР мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына орай	Жарыс	Бабасов Е Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	қазан
3	«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» ЖИТС қарсы күніне орай/арнайы жоспар/8-11 сынып	Материал, фотоесеп, желіге жариялау	Данияр А Психолог	қараша
4	Ұлттық ойын - асық ату	Фотоесеп, желіге жариялау	Бабасов Е Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	наурыз
5	Аула ойындары (шекемтас, қалашық, асық ату, арқан тартыс,) жарыс ұйымдастыру	Материал, фотоесеп, желіге жариялау	Тәлімгер, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері	15-25.03
6	«Денсаулық сақтау-өмірді сақтау»	Пікірсайыс	Берденов І	сәуір
7	«Түлектердің соңғы матчі» ПАБ	Спорттық жарыстар	Тәлімгер, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері	мамыр
8	Мерекелік даталарға спорттық жарыстар	Жарыс	Бабасов Е Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	жыл бойы